

**Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел капиталын тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 19 қаңтар N 2035. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел капиталын тарту жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын одан әрі жетілдіру, оны пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ету және мемлекеттік басқару органдарының, банк мекемелері мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің бұл саладағы қызмет аясын реттеу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің:

а) Қазақстан Республикасының экономикасына шет ел капиталын тарту саласында мемлекеттік басқару мен реттеудің орталық мемлекеттік басқару органдары болып:

- шет ел инвестициялары, кредиттері, техникалық және қаржы көмегі саласында - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет; <\*>

- Қазақстан Республикасының сыртқы борышын басқару саласында - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;<\*>

ә) Қазақстан Республикасы алатын және кепілдік беретін шет ел кредиттері мен заемдарын Қазақстан Республикасы атынан алатын заемшылар, сондай-ақ осы кредиттер мен заемдарға қызмет көрсету жөніндегі агенттер болып;

- халықаралық қаржы ұйымдары мен шет мемлекеттердің кредиттері бойынша - жекелеген реттерде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;<\*>

- орта және ұзақ мерзімді кредиттер бойынша - Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі;

- шет елдердің осыған ұқсас қаржы-банк ұйымдарынан тартылатын қысқа мерзімді және орта мерзімді инвестициялық кредиттер бойынша - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі болып табылатыны туралы ұсыныстары қабылдансын.

Аталған мемлекеттік банктер жобалардың тиімділігіне және валюталық өтеліміне өздігінен сараптау жүргізуге міндетті.

*Ескерту. Бірінші тармаққа өзгерістер енгізілген - Қазақстан*

*Республикасы Президентінің 1995.03.15. N 2097 Жарлығымен.*

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Экономика министрлігі жанындағы Шет ел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігінің өкілеттігі мен функциясын нақтылайтын болсын;

- республикаға шет ел кредиттері мен заемдарын тартудың және оларды пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі қызмет аясын реттеу және одан әрі дамыту жөніндегі шараларын жүзеге асырсын ;

- Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шет ел кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы ережені әзірлеп, бекітсін;<\*>

*Ескерту. 2-тармақтың 5-абзацы алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.07.01. N 3577 жарлығымен.*

3. Қазақстан Республикасының Президентінің мынадай актілеріне өзгертулер е н г і з і л с і н :

- "Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 11 қаңтардағы N 1066 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 1, 7-бап) 5-тармағының күші жойылған деп танылсын;

- "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 16 шілдедегі N 1815 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 32, 350-бап):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импортбанкі: мемлекеттік қаржы және кредит институты болып табылады және кредит ресурстарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету және қаржыландыратын жобалардың жүзеге асырылуы үшін жауап береді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан және соның тапсыруы бойынша қол қойылған кредит келісімдерінен туындайтын барлық халықаралық міндеттемелер бойынша Қазақстан Әлем Банкінің құқылы мұрагері болып табылады деп белгіленсін";

3-тармақтың алтыншы абзацындағы "ұзақ мерзімге және" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

4-тармақтың күші жойылған деп танылсын;

- "Қазақстанның Мемлекеттік даму банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 6 қыркүйектегі N 1849 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 37, 399-бап) 2-тармағының а) тармақшасы "жобаларға" деген сөзден кейін "орта мерзімді және" деген

сөздермен

толықтырылсын.

4. "Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасы кепілдігімен берілетін шет ел кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1607 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, N 14, 132-бап) күші жойылған деп танылсын.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК